

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GLMS3361>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XFRA1711>

**\*И. Б. Булегенова, Г. К. Кенжетеева**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## **ЭМОЦИОНАЛДЫ БІРЛІКТЕРДІҢ МӘТІНДЕ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ**

*Қазіргі таңда эмоцияларды зерттеу – өзекті, әрі қазіргі заман талабына сай тақырыптардың бірі. Эмоциялардың тілде көрініс табу мәселелерінің ішінде, олардың қарым-қатынас және әртүрлі мәтіндердегі берілу ерекшелігін зерттеу ерекше орын алады. Тіл білімі ғылымы көп уақыттан бері, мәтін мәселелеріне қызығушылық танытып келеді, себебі олардың шешімі тіл семантикасының негізгі сұрақтарына жауап табуға мүмкіндік береді. Лингвисттер мәтінді сөзбен тығыз байланысқан құбылыс ретінде қарастырады, ал бұл өз кезегінде эмотивті мәтін мен эмотивті сөзге де таралады. Коммуникативті лингвистикада мәтін эмоцияларының ролі айрықша. Әрбір мәтін белгілі бір бірліктердің жиынтығынан тұрады, олардың құрамында эмоционалды ақпараты бар тіл бірліктері де болуы мүмкін. Мақала мәтін ішіндегі, әсіресе, көркем әдебиеттегі эмоционалды бірліктердің берілу жолдарын функционалды-семантикалық тұрғыдан зерттеу мәселелерін қарастырады. Эмотивті мәтінді семантикалық тұрғыдан қарастыру барысында эмоциялардың берілу жолдары анықталады. Эмотивті мәтінді талдау барысында тілдік және тілдік емес компоненттерді анықтауға мүмкіндік бар. Эмотивті мәтіндерді зерттеу ағылын тілінде мәтіннің эмотивті белгісін айқындайтын клишеленген құрылымдардың бар екендігін көрсетті. Мақала ағылын және қазақ тілдеріндегі мәтіндердегі жағымды және жағымсыз эмоциялардың кинесика, просодия, лексика және грамматика арқылы берілу жолдарын көрсетеді.*

*Кілтті сөздер: эмотивті мәтін, компоненттер, мәтін лингвистикасы, жағымды эмоция, жағымсыз эмоция.*

## **Кіріспе**

Мәтін лингвистикасы – лингвистика ғылымы зерттеулерінің бір бағыты. Мәтін лингвистикасы бағытының пәні мәтіннің құрылымы, семантикасы мен функциялдығын анықтау және мәселелерін шешу болып табылады. Мәтін лингвистикасы өткен ғасырдың ортасында пайда болып, 70–80 жылдары белсенді түрде дами бастады. Сонымен қатар, бағыт тіл мен сөйлеу қарым-қатынасының жаңа онтологиялық талдау негізін қалайды және сол қарым-қатынасты мәтін арқылы бақылауға мүмкіндік береді. Ең алғаш мәтін зерттеушілерінің бірі М. М. Бахтин мәтіннің қарама-қайшы сипатын айта отырып, бір жағынан әр мәтіннің артында белгілі бір тіл жүйесі бар екендігін, ал екінші жағынан ерекше және жеке құрылымдық сипатын атап өткен. Т. М. Николаеваның анықтауы бойынша мәтін лингвистикасы бұл өз міндеттерін мәтін категорияларының жүйесін іздеуде және құруда, қолданбалы ғылымдар саласында – адамның дұрыс қарым-қатынас жағдайларын зерттеуде. Мәтін лингвистикасы теориясының дамуына орасан үлес қосқандар арасында Еуропа лингвисттерінің теориялары мен тұжырымдарымен қоса, Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері (К. Гаузенблад, П. Сгалл, Х. Изенберг, т.б.), француз лингвистикалық мектебінің өкілдері (Ш. Балли, Э. Бенвенист, Р. Барт, Ю. Кристева, П. Серио, т.б.), неміс лингвистикалық мектебінің өкілдері (Э. Кесериу, Х. Вайнрих, П. Хартман, В. Дресслер, т.б.), Ресей лингвистикалық мектебі мен бағыттарының өкілдері (В. В. Виноградов, Л. В. Щерба, М. М. Бахтин, Ю. М. Лотман, И. Р. Гальперин, З. Я. Тураева, Т.М. Николаева, А.А. Залевская, т.б.) және отандық ғалымдар (Р. Сыздық, Т. Қордабаев, Б. Шалабай, О. Қ. Жармакин, М. Серғалиев, М. Ахметова, Ж. Қайшығұлова, Г. Әзімжанова, Н. Құрманова, А. Жұбанов, Т. Смағұлова және т.б.) бар.

Коммуникативті лингвистикамен анықталғандай адамдар мәтіннің көмегімен қарым-қатынас жасайды және осы негізде мәтін коммуникативті бірлік ретінде қабылданады. Сөйлеу актісінде сөйлеуші, тыңдаушы, уақыт, мекен-жай, мақсат және т.б. сияқты мәтін құрылымының компоненттері болады. Сонымен қатар, қарым-қатынасқа кіретін адами факторды ескерсек, оның психикалық жай-күйін, эмоциялары, сезімдері мен олардың өзара қарым-қатынасы кіреді. В. И. Шаховский «Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка» атты еңбегінде мәтіндегі эмоционалды акцентке байланысты Матезиустың мына ойын мысал ретінде келтіреді: «Из всех элементов, которые удается установить в содержании языкового наименования, труднее всего подвергнуть анализу эмоциональный акцент. Это обусловлено тем, чем в вещественном содержании символической значимости, наряду с точкой зрения говорящего проявляется установка на слушающего или читателя и это здесь многое решает ситуация» [1, 141 б.].

Яғни, мәтіннің эмоционалды компоненті қарым-қатынас барысындағы көңіл-күй мен психикалық жағдайдың арақатынасын реттейді.

### **Зерттеудің материалдары мен әдістері**

Әрбір мәтін белгілі бір жағдаятты сипаттайды, яғни бұл мәтінді семантикалық тұрғыдан интерпретациялау. Сипаттау мен интерпретациялау өз кезегінде эмоционалды бола алады. Мәтін компоненттерінің бірінде эмоционалды бірліктер болуы мүмкін, әсіресе егер мәтін адамдардың қарым-қатынасы туралы болса. Адам үнемі әлеуметтік жаратылыс және қоғаммен ара қатынасын үзбейді. Адамдардың қарым-қатынасы ешқашан тұрақты немесе бірегей болмайды, өмірінің әр сәтінде түрлі эмоцияларды бастан кешіреді. Эмоционалды қарым-қатынас ерекше семантикалық мәтін түрінде іске асады. Эмотивті мәтін сөйлеушілердің эмоционалды күйі мен қарым қатынасын сипаттайды. Көптеген эмотивті мәтіндердің талдауы келесі компоненттерді анықтауға мүмкіндік берді: тілдік – эмотивті лексика мен фразеология, эмоционалды кинесика мен просодиялар; тілдік емес – эмоционалдық жағдаят, коммуниканттардың эмоционалды ниеттері мен позициялары. Мұның барлығы арнайы құралдардың формальды көрінісінде орын табады: просодия мен кинесика, лексикасы мен синтаксисінде. Ал бұлар өз кезегінде мәтіннің эмоционалды ақпарат белгісінің функциясы міндетін атқарады.

### **Зерттеу нәтижелері мен пікірталас**

Эмотивті мәтін талдауда көркем мәтінге көбірек назар аударамын. Себебі көркем әдебиетте болсын, көркем мәтінде болсын эмоционалды жағдаяттар сан алуан түрде берілген. Мәтінде адамның вербалды және бейвербалды эмоционалды әрекеті мен мінез-құлқы сипатталады. Эмоциялардың қарым-қатынас барысында түрлері мен әдістері қарастырылады.

Мысалы:

– Қой әрі! Иттерді сабап, ауыл үстіне қамшы үйіріп, бізге істеген, бұл қай қырың? – деп Құдайменде бұған енді түйіле қарады, – Сен бір әңгімені бықсытып, шетін шығарып отырсың. Сыртымнан мен жөнінде бірдене дейтін көрінесің? Соны өз аузыңнан есітейін. Ер болсаң, қане, өзіме айтшы! [2, 31 б.].

Берілген үзіндіні эмотивті мәтін деп айта аламыз. Мәтінді оқу барысында қолданылған тыныс белгілері, қаратпа және қыстырма сөз арқылы ерекше интонацияны байқауға болады. Яғни, бұл жерде сөйлеудің тембрлік боямы, дауыс қаттылығы, тон просодиясының бар екендігін көрсетіп тұр. Қой әрі, қане тіркесі айрықша эмоционалды мән беріп тұр. Ер болсаң, қане, өзіме айтшы! – сөйлемінде ашу, ыза сезімінде айтылған жағымсыз эмоцияны да аңғару қиын емес.

– Өлгілерің келмесе, жолымнан кет былай! – деп ақырғанда, ана екеу жалт етіп, босағаға жабысып тұра қалды. Кәлен сыртқа атып шықты. Торы

тақымы тигесін асықпай, тебініп жүріп кетті. Бұжыр қараға бұл ауылдың иттері де бата алмай, бөксесін үйге тығып үрді [2, 33 б.].

Екінші мысалда босағаға жабысып тұра қалды, сыртқа атып шықты, асықпай, тебініп жүріп кетті сөз тіркестері арқылы кинесиканың белгілерін көре аламыз. «Өлгілерің келмесе, жолымнан кет былай!» сөйлеміндегі кейіпкердің ашуланып, дауыс көтеріп, интонация мен дауыс ырғағының көмегімен берілген эмоциялық халін аңғару қиын емес. Бұл мысал да ашу, ыза үстінде айтылған жағымсыз эмоцияларды көрсетіп тұр.

«Old is it!» exclaimed Butler, his accent sharpening somewhat with his self-induced rage. He almost pronounced it «owled.» «Dingy, hi! [3, 178 б.]

(«Бұл ескі ме? Солай ма? – деп айқайлады Батлер, оның екпіні ашуланғандықтан біршама күшейе түсті. – Лас, солай ма? Автордың аудармасы).

Т. Драйзердің «Финансист» романынан келтірілген мысалда кейіпкердің ашуланғандықтан оның дауыс екпінінің күшейе түскенін байқауға болады. Бұл мысалда «Old is it!», exclaimed, self-induced rage, «Dingy, hi! сөз тіркестері жағымсыз эмоцияның айқын мысалдары, сонымен қатар accent sharpening, almost pronounced it «owled сөз тіркестері ерекше просодияны бейнелеу арқылы берілген жағымсыз эмоцияға реңк беріп тұр.

4) «Мама, do you hear what he’s calling me?» complained Norah, hugging close to her mother’s arm and pretending fear and dissatisfaction [3, 179–180 б.].

(Мама, сен естимісің, мені қалай атағанын? – деп Нора анасының қолын құшақтай кетіп, қорыққан және халіне қанағаттанбаған кейіпте шағымданып, ренішін білдірді. Автордың аудармасы).

Кезекті мысалымызда кейіпкер шағымдана отырып, жасанды «қорқу» сияқты жағымсыз эмоциясын көрсетіп тұр. Кейіпкердің анасын құшақтай кеткені, қорыққанынан пана іздегендей сезім тудырады. Олар келесі тіркестер арқылы байқалады: complained, hugging close to her mother’s arm, pretending fear and dissatisfaction.

Ш. Балли өз заманында айтып кеткендей, ауызекі сөйлеудің ерекше қасиеті оның ойды үнемі эмоционалды күйде беруінде. Бірақ әрбір сөз эмотивті мәтінді құра бермейді. Айтса да, аудио мәтін жазылған мәтінге қарағанда просодияның көмегімен әлдеқайда эмоционалды болып келеді. Мысалы:

– Адыра қалсын! Кеше емес пе еді, сері жігіт келгенде желдей есіп, аяғы аяғына тимей кеткені? Бір үйден кесе, бір үйден дастарқан, бір үйден табак жиып, есімізді алып біткен жоқ па еді? О, жүзіқара! О, қарабет! [2, 20 б.].

Жоғарыдағы үзінді грамматика, стилистика мен лексикасына қарағанда дыбыстық деңгейде болса, әлдеқайда әсерлі боларына еш күмән жоқ. Сөйлемде қолданылған тыныс белгілері, одағай сөз мәтінге айрықша реңк

беріп тұр және жағымсыз эмоцияны білдіріп тұр. Тұрмыстық-қарапайым лексикаға күнделікті тұрмыста, қарым-қатынаста қолданылатын, ауызекі сөздер жатады. Олар, әсіресе, жағымсыз эмоцияны білдіруде өте көп қолданылады. Оларға, жоғарыда келтірілген мысалдағы адыра қалсын, қарабет, жүзіқара сияқты сөздерді жатқызуға болады.

«I like you so much», he said, «that I have been wondering if you really like me.» There was an appeal in his voice, soft and gentle. His manner was almost sad..... «I need some one like you to like me,» he continued, in the same vein. «I need some one like you to talk to. I didn't think so before – but now I do. You are beautiful – wonderful» [3, 205 б.].

(Сіз маған қатты ұнайсыз – деді ол, мен сізге ұнаймын ба? Мұны міндетті түрде білуім керек, – деді. Оның даусында өтініш, мейірімділік пен мұң сезілді. Маған мені сіздей ұнататын біреу керек – деп ол сол күйінде жалғастырды. Маған сіз сияқты сырласатын адам керек. Бұрын ол туралы ойламайтынмын, бірақ қазір ойланатын болдым. Сіз әдемісіз – кереметсіз. Автордың аудармасы).

Берілген мысалдың лексикасы мен стилистикасы жағымды эмоцияны көрсетіп тұр. Сонымен қатар, дыбыстық деңгейде бұл мысал мәтіннің эмотивтілігін арттырмаса кемітпейтіні мәлім. Мысалда мейірімділік пен нәзіктік сезімдері кейіпкердің дауысындағы мұңмен ерекшеленіп тұр.

Эмотивті мәтіндерді зерттеу ағылшын тілінде клишеленген эмотивті құрылымдардың бар екендігін көрсетті. Мысалы: how + nice; how can\ could you...; what the hell...; you are a N (swine, liar, etc.); it's marvelous! Бұл құрылымдар мәтіннің эмотивтілігін және эмоционалды белгісін айқындайды [1, 149 б.]. Мысалы Т. Драйзердің The Trilogy of Desire шығармасында қолданылған кейбір клишеленген эмотивті тіркестерге тоқтала кетсек: How wonderful! What a girl! [3, 199] Oh, dear! oh, dear! She does think she is so much!» [3, 186 б.] «To the devil with such a life! [3, 210]. O, Heavens, the palaver! What beatings of tom-toms! What mouthings of pharisaical moralities – platitudes! Run now, good people, for you may see clearly how evil is dealt with in high places! It made him smile. Such hypocrisy! Such can't! [3, 210 б.].

Эмотивті мәтіндерді саралай келе, таң қалу, шаттану, ашулану сияқты эмоциялар лепті және сұраулы сөйлемдерде жиірек кездесетініне көзіміз жетті. Ал өкініш, қайғы, мұң сияқты эмоцияларды білдіретін сөйлемдер хабарлы сөйлемдер арқылы берілетіні анықталды. Мысалы:

– Е, сорлым-ай! Сенің тілің зәр ғой. Бірақ, есінде болсын, менің қоңым қалың. Шыбын шаққан құрлы көрем бе екен? [2, 115 б.]

– Мәссаған-н! ...Ой, әкеңнің көрі! Әй, әй, бері келіндер! Бері, бері келіндер! [2, 136 б.]

– Ағаеке – ай, қорлығы өтті-ау мыналардың. Мынадан кейін бүйткен тірлігі құрсын! [2, 140 б.]

Ah, this was a man! He was her Frank [3, 218]. (Ах, бұл еркек! Бұл оның Френкі).

«The scoundrel!» he said. «The scoundrel! I'll drive him out of Philadelphia, if it takes the last dollar I have in the world.» [3, 344]. («Арамза! Деді ол. Арамза! Мен сені Филадельфиядан қуып шығам, тіпті ол үшін соңғы долларымды жаратсам да).

Эмотивті мәтіннің бір көрсеткіші ретінде эмоциялардың тығыздығы болып саналады. Сөз тіркестерінде немесе сөйлемде ешқашан бір ғана эмоция берілмейді. Эмоциялар кешенді түрде бір-бірінен туындайды. Бұл заңдылықты К. Изард эмоциялар көріністерінің жүйелілігі деп анықтады. Эмоциялардың бір-бірімен байланысын және эмотивті мәтіннің тығыздылығын көрсетеді. Төменде келтірілетін үзінді басты кейіпкердің алдымен өкінішін, мұңы мен зарын көрсете келе, аяғында ішіндегі күйік сезімі ашуға айналады. Мысалы:

«Онан сайын Ақбаланың жан-жүйесі езіліп, қанша тежесе де ар жағында ағытылғалы тұрған жасқа ақыры ие бола алмады. Сосын ол жаулығының шетімен аузын басып дыбысын шығармай, иығының басы дірілдеп отырды да, іші-бауырын күйік өртегенде баласы мен өзін осындай халге душар қылған тағдырына ма, Тәңірбергенге ме, әлде Судыр Ахметке ме, өзіне ме, кімге де болса лағынет қарғыс айтып, байдан да, байлықтан да безіп, бәріне талақ дегісі кеп кетті [2, 154 б.]»

Автор басты кейіпкердің өкініш сезімін, оның жанының қаншалықты қиналып жүргенін мына сөз тіркестері арқылы көрсетеді: жан-жүйесі езіліп, ағытылғалы тұрған жасқа, ие бола алмады. Кейіпкердің мұңы мен зарын, оның кімге болса да лағынет пен қарғыс айтуынан көруге болады.

Through her he could sense the force of Butler's parental affection; the volume and danger of his rage. There were so many, many things as he saw it now converging to make a dramatic denouement [3, 371 б.]. (Фрэнк Эйлин арқылы Батлердің ата-ана мейірімінің күшін, оның ашуының дәрежесі мен қауіптілігін де сезді. Ол көрген көптеген жағдаяттардың бір-бірімен шырмаласып жатқанын және олардың аяғы үлкен қайғыға апаруы мүмкін еді.)

Т. Драйзердің романынан берілген мысалда басты кейіпкердің алдымен ата-ананың балаға деген сүйіспеншілік сезімдерінің артынан, сол ата-ананың ашу мен қауіп дәрежесін сездіреді. Бірінші мейірім, сүйіспеншілік сияқты жағымды эмоция тудыратын сезімдердің артынша, ашу, қауіп-қатер тудыратын жағымсыз эмоцияны суреттеген. Сөйлемнің бірінші жартысындағы мына тіркестен he could sense the force of Butler's parental affection ата-ана мейірімі мен сүйіспеншілік сезімі байқалса, the volume and



danger of his rage, converging to make a dramatic denouement ашу, ыза, қауіп-қатер сияқты сезімдер байқалады.

Мәтіннің эмоционалды семантикасының компоненті оның мағынасын күшейтетін элементтерді тартады. Бұл бір мезетте туындаған эмоцияның семантикалық әлсіздігінің көрсеткіші. Мысалы: «George,» he said, «I'm sorry. I'm sorry for you, not for myself. I'll come out of things all right, eventually. I'll be rich. But, George, you're making the one great mistake of your life. You'll be poor; you'll be a convict, and you'll have only yourself to blame [3, 363 б.] («Джордж», деді ол. Өте өкінішті, мен үшін емес, сіз үшін өкінішті. Ерте ме, кеш пе мен құтылып шығам. Бай боламын. Бірақ сіз ше, өміріңіздегі үлкен қателікті жасағалы тұрсыз. Сіз қайыршысыз, кінәлісіз және тек өзіңізді ғана кінәлаңыз.) Қарым-қатынас барысында туындаған эмоциялардың семантикасының әлсіздігінен, автор мәтіннің эмоционалды семантикасын күшейту мақсатында келесі сөз тіркестерін қолданған: I'm sorry for you, making the one great mistake of your life, poor, convict, have only yourself to blame.

Көркем әдебиеттен алынған мысалдарды саралай келе, эмоциялардың мәтінде қарқынды түрде қолданылу дәрежесін оның бір параметрі ретінде қабылдау жөн. Соңғы мысал эмоционалды шиеленістің ең жоғарғы дәрежесін көрсетеді. Сөйленім қолданылған жағдаяттың эмоционалды прагматикасының ең ақырғы шегінде екенін айқын көрсетеді.

### **Қорытынды**

В. И. Шаховскийдің талдаулары эмотивті семантиканың мәтіннен тыс түбірінде «эмоция» сияқты семантикалық белгілері мен мақұлдау, не болмаса мақұлдамау сияқты семантикалық конкретизаторы бар екендігін көрсетті [1, 147 б.]. Әр сөйленімде әр эмоцияның денотаты әртүрлі болады: жағымды, я жағымсыз. Бұл мәтін деңгейінде нақты бір эмоцияға айналады: таң қалу, сүйсіну, ашулану, күмәндану сияқты және т.б. Мысалы, «Шіркін!» сөзі әр адамда әртүрлі эмотивті мағынамен қолданылады, оның қолданылу дәрежесі де басқаша болады. Бұл адамның сөздік қорына да байланысты. Ашу, ыза, таң қалу және т.б. эмоциялар әртүрлі жағдайларда бір коммуникантпен қолданылса да, ерекшеленіп тұрады. Бұл өз кезегінде сөйленімдерде эмоциялардың адекватты қолданылу дәрежесімен ерекшеленеді. Қарым-қатынастың прагматикалық әсері коммуниканттардың эмоционалды тілдік бірліктерді білу және қолдана алу қабілеттеріне байланысты болады. Бұл мақалада аталған эмотивті мәтін құрылымының компоненттері тілдің эмоциялық әсер етуші күші заңының әртүрлі көріністері ретінде жұмыс істейді.

**Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 **Шаховский, В. И.** Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. – М., 2019. – 206 с.
- 2 **Нұрпейісов, Ә.** «Қан мен тер». Трилогия. 1-том. – Алматы : Жазушы баспасы, 2004. – 472 б.
- 3 **Dreiser. Th.** The Financier, 2016 – 787 p.
- 4 **Ахметова, М. К.** Мәтін лингвистикасы. Оқу әдістемелік құрал. – Орал : «Ағартушы», 2008. – 148 б.
- 5 **Иманалиева, Г. К.** Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. (Эмоциональные структуры в казахском языке) Монография. – Алматы : Қазақ университеті, 2011. – 255 с.
- 6 **Филимонова, О. Е.** Эмоциология текста. Анализ репрезентации эмоции в английском тексте. Учебное пособие. – СПб., 2007. – 448 с.
- 7 **Шаховский, В. И.** Лингвистическая теория эмоции. Монография. – М., 2008. – 416 с.
- 8 **Wierzbicka, A.** Emotions across languages and cultures: Diversity and Universals. – Cambridge university press, 2007.
- 9 **Bessemers, M., Wierzbicka, A.** Emotion terms as a window on culture, social psychology and subjective experience \\\ Язык и эмоции: номинативные и коммуникативные аспекты: Сборник научных трудов к юбилею В. И. Шаховского. – Волгоград, 2009. – С. 14–31.
- 10 **Mullagayanova, G. M.** Color Designation of Emotions in the English Language. Middle-East Journal of Scientific Research 15 (6): 902-906. – 2013.

**References**

- 1 **Shahovski, V. I.** Kategorizatsiya emotsii v leksiko – semanticheskoi sisteme yazika. [Shakhovskii V.I. Categorization of emotions in the lexical-semantic system of the language]. – Moscow, 2019. – 206 p.
- 2 **Nurpeisov, A.** Kan men ter. [Nurpeyisov A. Blood and sweat.] trilogy 1 volume. – Almaty : Publishing house «Zhazushi», 2004. – 472 p.
- 3 **Dreiser. Th.** The Financier, 2016 – 787 p.
- 4 **Ahmetova, M. K.** Matin lingvistikasi [Akhmetova M. K. Text linguistics] Tutorial. – Oral : Publishing house «Agartushi», 2008. – 148 p.
- 5 **Imanalieva, G. K.** Kazak tilindegi emotsianaldi kurilimdar. [Imanalieva G.K. Emotional structures in the Kazakh language] Monograph. – Almaty : Kazakh university, 2011. – 255 p.
- 6 **Filimonova, O. E.** «Emotsiologiya teksta. Analiz reprezentatsii emotisii v angliskom tekste. [Filimonova O.Ye. The emotionology of the text. Analysis

of the representation of emotion in English text] Tutorial. – Saint-Petersburg, 2007. – 448 p.

7 **Shahovski, V. I.** Lingvisticheskaia teoria emotsii. [Linguistic theory of emotion.] Monograph. – Moscow, 2008. – 416 p.

8 **Wierzbicka, A.** Emotions across languages and cultures: Diversity and Universals. – Cambridge university press, 2007.

9 **Bessemers, M., Wierzbicka, A.** Emotion terms as a window on culture, social psychology and subjective experience \ Language and emotions: nominative and communicative aspects: Collection of scientific papers for the anniversary of V. I. Shakhovskiy. – Volgograd, 2009. – С. 14–31

10 **Mullagayanova, G. M.** Color Designation of Emotions in the English Language. – Middle-East Journal of Scientific Research 15 (6): 902–906. – 2013.

Материал 08.09.21 баспаға түсті,

*\*И. Б. Булегенова, Г. К. Кенжетева*

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

## СПОСОБЫ ПЕРЕДАЧИ ЭМОЦИОНАЛЬНЫХ ЕДИНИЦ В ТЕКСТЕ

*На сегодняшний день изучение эмоций – одна из самых актуальных и современных тем. Среди проблем выражения эмоций на языке особое место отводится изучению особенностей их передачи в контексте общения и в различных текстах. Лингвистика издавна интересуется текстовыми проблемами, поскольку их решение позволит найти ответы на основные вопросы семантики языка. Лингвисты рассматривают текст как явление, тесно связанное со словом, которое, в свою очередь, распространяется на эмоциональный текст и эмоциональное слово. Роль эмоций в тексте в коммуникативной лингвистике особенная. Каждый текст состоит из набора определенных единиц, которые могут быть в единицах языка, содержащих эмоциональную информацию. В статье показаны способы передачи эмоциональных единиц в тексте с функционально-семантической точки зрения, особенно, в художественной литературе. Определяет способы передачи эмоций при семантическом рассмотрении эмоционального текста. При анализе эмоционального текста можно выделить языковые и неязыковые компоненты. Изучение эмоциональных текстов показало,*

*что в английском языке существуют клишированные структуры, определяющие эмоциональную природу текста. В статье показано, как с помощью кинесики, просодии, лексики можно передать положительные и отрицательные эмоции в текстах на английском и казахском языках.*

*Ключевые слова: эмотивный текст, компоненты, лингвистика текста, положительная эмоция, отрицательная эмоция.*

*\*I. B. Bulegenova, G. K. Kenzhetayeva*  
L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.  
Material received on 08.09.21.

## **METHODS OF TRANSMISSION OF EMOTIONAL UNITS IN TEXT**

*Today, the study of emotions is one of the most relevant and modern topics. Among the problems of expressing emotions in language, a special place is given to the study of the peculiarities of their transmission in the context of communication and in various texts. Linguistics has long been interested in textual problems, since their solution will provide answers to the basic questions of the semantics of the language. Linguists see text as a phenomenon closely related to the word, which, in turn, extends to the emotional text and the emotional word. The text has long been considered a phenomenon closely related to words. The role of emotions in a text in communicative linguistics is special. Each text consists of a set of specific units, which can be units of language, containing emotional information. The article shows the ways of conveying emotional units in the text, especially in fiction, from a functional and semantic point of view. Determines the ways of transmitting emotions in the semantic consideration of emotional text. When analyzing an emotional text, linguistic and non-linguistic components can be distinguished. The study of emotional texts has shown that in the English language there are clichéd structures that determine the emotional nature of the text. The article shows how to convey positive and negative emotions in texts in English and Kazakh using kinesics, prosody, vocabulary and grammar.*

*Keywords: emotive text, components, linguistics of text, positive emotion, negative emotion.*

Теруге 08.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 28.09.2021 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
1,21 Mb RAM  
Шартты баспа табағы 8,86. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Байниқенова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3818

Сдано в набор 08.09.2021 г. Подписано в печать 28.09.2021 г.  
Электронное издание  
1,21 Mb RAM  
Усл. печ. л. 8,86. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Байниқенова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3818

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)  
[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)